

**«Эйр Астана» АҚ акционерлерінің кезектен тыс  
жалпы жиналысының шешімімен бекітілді  
2009 жылғы 11 мамырдағы, № 56 хаттама  
(2015 жылғы 29 мамырдағы өзгерістерді қоса,  
№116 хаттама)**

## **«Эйр Астана» АҚ-ның Дивиденд саясаты туралы Ережесі**

Алматы, 2015

Мазмұны:

1.	Жалпы ережелер	4
2.	Дивиденд саясатының мақсаты мен негізгі қағидалары	4
3.	Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары	4
4.	Дивидендтер мөлшерін анықтау	4
5.	Дивидендтерді төлеу тәртібі	5
6.	Дивидендтерді уақтылы төлемеушілік үшін жауапкершілік	6
7.	Акционерлерге дивиденд саясаты туралы хабарлау	6
8.	Қорытынды ережелер	7

Осы Дивиденд саясаты туралы ережеде мынадай анықтамалар пайдаланылады:

**Заңнама** – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы.

**Қоғам** – «Эйр Астана» АҚ.

**Акциялар** – BAE Systems (Kazakhstan) Ltd. - 49%; «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры»- 51 %.

**Жалпы жиналыс** – Қоғамның жоғарғы органы болып табылатын, Акционерлердің қайталама, жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын қоса алғандағы, мерзімді шақырылатын Акционерлердің жалпы жиналысы.

**Директорлар кеңесі** – Заңнамаға және Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы.

**Дивидендтер** – Қоғамның таза табысының есепті кезеңдегі Қоғамның қаржылық есептілігіне сәйкес Акционерлерге оларға тиесілі акциялар бойынша төленетін бөлігі.

**ҚЕХС** – Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары.

**Бұқаралық ақпарат құралдары** – мерзімді баспалық басылым, радио – және телебағдарлама, киноқұжатнама, аудиобейнежазба және басқа да, көпшілікқолды телекоммуникация тораптарындағы (Интернет және тағы басқа) WEB-сайттарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария тарату нысаны.

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1. Осы Дивиденд саясаты туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) қолданыстағы Заңнамаға, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Қоғамның Қоғам Акционерлерімен оларға тиесілі акциялар пакетіне дивидендтер төлеу мәселелері бойынша өзара қарым-қатынастарының негіздерін қалайды.
- 1.2. Өзара қарым-қатынас негіздері Қоғамның Директорлар кеңесінің таза табысты бөлу мен оның дивидендтерді төлеуге бағытталатын бөлігін анықтау, Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындылары мен Қоғамның даму стратегиясы аясында дивидендтердің мөлшерін есептеумен төлеу тәртібі жөніндегі ұсыныстарын ескере отырып, құрылады.
- 1.3. Қоғам Акционерлеріне дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі қолданыстағы Заңнамамен, Қоғам Жарғысымен, осы Ережемен, сондай-ақ Акционерлердің Жалпы жиналысының сәйкес шешімдерімен реттеледі.

## **2. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

- 2.1. Дивиденд саясатының (бұдан әрі -Саясат) мақсаты Акционерлер мен Қоғам мүдделерінің теңдігін және дивидендтердің мөлшерлерін анықтау мен оларды төлеу шарттарын анықтауда айқын көзқарасты қамтамасыз ету болып табылады.
- 2.2. Саясат Қоғамның инвестициялық тартымдылығы мен оның капиталдануын арттыруға, Акционерлердің Заңнамада, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарында қарастырылған құқытарын құрметтеу мен қатаң сақтауға негізделеді.
- 2.3. Саясаттың негізгі қағидалары:
  - Акционерлердің негізгі құқықтарын, соның ішінде Қоғам пайдасының үлесін (дивидендтерді) алу құқығын қамтамасыз ету қағидасы;
  - Қоғам қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидасы;
  - Қоғамның келісілген инвестициялық жобаларды қаржыландыруы қажеттілік қағидасы.

## **3. ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ**

- 3.1. Акционерлерге дивидендтер төлеу шарттары:
  - 1) Қоғамда осы Ереженің 4.1 және 4.2 тармақтарына сәйкес анықталатын жылдық таза пайданың болуы;
  - 2) Дивидендтерді төлеуге осы Ереженің 4.5-тармағында қарастырылған шектеулердің болмауы;
  - 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің дивидендтердің мөлшері туралы ұсынымдары;
  - 4) Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі.

## **4. ДИВИДЕНДТЕРДІҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ**

- 4.1. Қолданыстағы Заңнама талаптарына сәйкес Қоғам акциялары бойынша дивидендтер жыл қорытындылары бойынша Қоғамның таза табысынан ҚЕХС-на сәйкес құрылған қаржылық есептілік негізінде төленеді.
- 4.2. Қоғамның Директорлар кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысына ұсынылатын дивиденд мөлшерін (бір акцияға есептегенде) және Қоғамның таза табысының

дивидендтерді төлеуге бағытталатын сәйкес бөлігін анықтаған кезде дивидендтерді төлеуге бағытталатын қаражат сомасы, Акционерлердің нақты жағдайларды, инвестициялық жоспарларды және Акционерлер дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдаған сәттегі Қоғамның қаржылық жағдайын ескере отырып, басқа шешім қабылдауынан өзге жағдайларда, ҚЕХС-на сәйкес құрылған қаржылық есептілік негізінде анықталатын таза табыстың 25%-ын құрауы тиістігін негізге алады.

- 4.3. Қоғам дивидендінің мөлшері (бір акцияға есептегенде) дивидендтерді төлеуге бағытталатын қаражаттардың шамасы негізінде анықталады және бір жылдағы Қоғамның таза табысының осы Ереженің 4.2-тармағына сәйкес есептелген, Жалпы жиналыс шешім қабылдаған күнге қарай орналастырылған Қоғам Акцияларының санына бөлінген бөлігінің теңгедегі шамасына тең.
- 4.4. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 4.5. Дивидендтер орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.

Қоғамның жай акциялары (және Қоғам артықшылықты акциялар шығарған жағдайда артықшылықты акциялары) бойынша дивидендтерді төлеуге жол берілмейді:

-Қоғамның меншік капиталының мөлшері теріс болған жағдайда немесе егер меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу нәтижесінде теріс болса;

-егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе, не болмаса ол оларға оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса.

## **5. ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

- 5.1. Қоғам жыл қорытындылары бойынша Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өз Акционерлеріне оларға тиесілі жай акциялар бойынша дивидендтер төлейді. Директорлар кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысына жыл қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу жөнінде, соның ішінде мұндай дивидендтерді төлеудің орындылығы, мұндай дивидендтердің бір акцияға есептегендегі мөлшері жөніндегі ұсыныстар жасайды.
- 5.2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл шешім Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс. Дивидендтерді төлеу туралы шешімде мынадай ақпарат болуы тиіс:
  - 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқадеректемелері;
  - 2) дивидендтер төленетін кезең;
  - 3) бір акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері;
  - 4) дивидендтер төлеудің басталу күні;
  - 5) дивидендтерді төлеу тәртібі және нысаны.

Қоғам дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау туралы жариялайтын ақпарат Акционерлерге дивидендтердің мөлшері, төлеу мерзімдері, тәртібі мен нысаны туралы айқын түсінік беруі тиіс.

<sup>1</sup> Дивидендтерді алуға құқылы Акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу басталатын күннің алдындағы күнге (яғни дивидендтерді төлеу басталғаннан бір күн бұрын) құрылуы тиіс. Директорлар кеңесі мен жалпы жиналыс акционерлер тізімі құрылған күнге дейін өткізіледі. Сондықтан акциялардың санын жалпы жиналысты өткізу күніне анықтау керек.

- 5.3. Дивидендтерді алуға құқығы бар Акционерлердің тізімін Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімін жүргізетін тіркеуші дивидендтерді төлеудің басталу күнінің алдындағы күнге құруы тиіс. Дивидендтерді алуға құқытары бар тұлғалар тізімін құру үшін акцияларды нақтылы ұстаушы 2 жұмыс күнінен кешіктірмей, Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімін жүргізетін тіркеушіге акцияларды иеленген тұлғалар туралы мәлімет беруі тиіс.
- 5.4. Дивидендтер Акционерлерге Қолданыстағы заңнамамен, Қоғам Жарғысымен және Акционерлердің Жалпы жиналысының сәйкес шешімдерімен белгіленген мерзімдерде төленеді.
- 5.5. Қоғам мен оның Атқарушы органы Акционерлерге дивидендтерді уақтылы және толық төлеуді қамтамасыз етеді.
- 5.6. Дивидендтерді төлеу деп тиісті ақша сомаларын Қоғам шотынан Акционерлердің қолданыстағы банктік шоттарына аудару немесе Акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда -Қоғамның бағалы қағаздарын дивидендтерді төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы қабылданған шешімге сәйкес табыстау есептеледі.
- 5.7. Дивидендтер жарияланған мөлшерде төленеді.
- 5.8. Дивидендтер ақшамен және (немесе ) Акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда Қоғамның бағалы қағаздарымен (жарияланған акцияларымен және шығарылған облигацияларымен) төленеді.
- 5.9. Төленетін дивидендтерге салық салу қолданыстағы Заңнамада қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.
- 5.10. Дивидендтерді алу Акционерлер үшін қиыншылықты және ауыртпалықты болмауы тиіс.
- 5.11. Акционер Қоғам қарызының пайда болуы мерзіміне байланыссыз төленбеген дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

## **6. ДИВИДЕНДТЕРДІ УАҚТЫЛЫТӨЛЕМЕУШІЛІК ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК**

- 6.1. Дивидендтерді уақтылы төлемеушілік үшін Заңнама мен Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғамның атқарушы органы жауап береді.

## **7. АКЦИОНЕРЛЕРГЕДИВИДЕНДСАЯСАТЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ**

- 7.1. Қоғамның дивиденд саясаты Акционерлер мен әлеуетті инвесторлар зерделеуі үшінжеткілікті түрдеайқынәрі түсінікті болуытиіс.
- 7.2. Қоғам Дивиденд саясаты туралы Ереже мен оған енгізілген өзгерістерді Интернет торабындағы Қоғамның веб-сайтында орналастырады және бұл Ереженің көшірмелерін Қоғам Жарғысына сәйкес береді.
- 7.3. Акционерлерге акционерлердің Жалпы жиналысында шешім қабылдау үшін берілетін материалдардың құрамында дивидендтерді төлеуге қажетті жағдайдардың болуы немесе болмауы туралы куәландыратын Қоғамның қаржылық құжаттарын қоса алғанда, барлық қажетті ақпарат болуы тиіс.

## **8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 8.1 Осы Ереже оны Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.
- 8.2 Осы Ереже Қоғам Акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі бойынша толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.
- 8.3 Егер Заңнаманың өзгеруінің нәтижесінде осы Ереженің жекелеген нормалары қолданыстағы Заңнамаға қайшы келетін болса, Ереженің бұл нормалары күшін жоғалтады және осы Ережеге өзгеріс енгізілгенге дейін қолданыстағы Заңнаманы басшылыққа алу қажет.